

## Кедендік өкіл қызмет көрсету

### келісім-шарты

Алматы қ.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 ж.

Осы келісім шарт ЖШС «ЕМЕХ», Федерал Экспресс Корпорейшн (FedEx) ресми өкілі және TNT Management (Bahrain) Ес В.С.С. (TNT) атынан әрекет ететін, бас директоры Воробьева Т.А., Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік Кірістер Комитетінің №116 14 наурыз, 2017 жылы қабылданған Кедендік өкілдер тізіміне қосу жайындағы жарғы негізінде, қызмет көрсететін, әрі қарай «Өкіл», және, осы неғузгі бетке қол қойған сенім білдіруші, әрі қарай «Сенім білдіруші» арасында жасалған.

1. Келісім-шарт мәні
  - 1.1 IHERB желісі арқылы ҚР кедендік аумағына келіп тускен қазіргі таңдағы Кедендік Заңнамасына сәйкес тауарды жолаушылардың кеден декларациясы бойынша кедендік рәсімдеуден өткізу туралы Сенім білдірушінің атынан ақысыз қызмет көрсету осы келісім шарттың мәні болып табылады.
2. Келісім-шарт талаптары
  - 2.1 Өкіл Сенім білдірушінің тауарларын ЕАЭО Кедендік Заңнамасының шарттары мен талаптарына сәйкес жеңілдетілген тәртіп бойынша кедендік рәсімдеуден өткізеді.
  - 2.2 Сенім білдіруші Өкілге өзінің дербес деректерін осы келісім-шарттың талаптарын орындау мақсатында ғана қолдануға рұқсат береді.
  - 2.3 2.2 бөліміне сәйкес, Өкіл Сенім білдірушінің дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жинақтауды, өңдеуді және қорғауды (мемлекеттік органдарға беруге тиіс жағдайларды қоспағанда) жүзеге асыруға және жарияламауға міндетті.
  - 2.4 Өкіл аталған келісім шартты, жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған кедендік мағлұмдамаларды рәсімдеуге енгізілген өзгерістер күшіне кіргенде ғана, бір жақты ретпен бұзуға құқылы.
3. Келісім-шарт мерзімі
  - 3.1 Осы келісім шарт қол қойған күнінен бастап 2021 жылдың 31-ші желтоқсанға дейін жарамды. Келісім шарттың қол қою күні, преамбулада көрсетілген күн болып саналады.
  - 3.2 Егер бірде-бір тарап екінші тарапқа осы келісім шарт мерзімінің аяқталуына дейін 30 күн аралығында, жазбаша түрде келісім шарт бұзу туралы хабарламаса, осы келісім шартта көрсетілген барлық шарттар мен талаптар сақталынып, мерзім бір жылға ұзартылған деп есептеледі. Мерзім ұзартудың мұндай тәртібі одан әрі де сақталынады.
4. Өзге шарттар
  - 4.1 Осы келісім шартта көрсетілмеген жағдайлар мен қатынастар ҚР қазіргі таңдағы заңнамасына сәйкес реттеледі.
  - 4.2 Осы келісім-шарт теңдей заңды күші бар, қазақ тілінде, екі данада жасалған. Қол қойылған келісім шарт әр тарапқа бір түпнұсқадан беріледі.

#### Өкіл:

«ЕМЕХ» ЖШС  
ССТН 600900535674  
БСН 040440000893  
Мекен-жайы: 050016, ҚР, Алматы қ., Сүйінбай көшесі, 89Б  
(KZT) - KZ119470398921908788  
(USD) - KZ189470840913433488  
(RUR) - KZ149470643003585108  
(EUR) - KZ839470978072920298  
АҚ «Альфа-Банк»  
БСК ALFAKZKA  
БСН АҚ «Альфа-Банк» 941240000341  
ҚҚС куәлігінің сериясы 60001  
№ 0039429, 13.12.2012.  
info@emexnet.com  
тел: +7 (727) 35 63 800,  
факс: +7 (727) 35 63 803

#### Сенім білдіруші:

Аты-жөні \_\_\_\_\_  
Жеке куәлік № \_\_\_\_\_  
Берген мекеме, мерзімі \_\_\_\_\_  
ЖСН \_\_\_\_\_  
Мекен-жайы \_\_\_\_\_  
Телефон \_\_\_\_\_  
Қолы \_\_\_\_\_

Бас директор \_\_\_\_\_ Воробьева Т.А.